



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ



Осыған дейінгі үш отырыста комиссия мүшелері Конституция преамбуласының түбегейлі жаңа редакциясын, бірқатар баптарды және бөлімдерді қарастырды. Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімова атап айтқандай, Конституциялық реформа жыл бойы қоғамдық талқылаудан өткен. Электронды платформаға азаматтардан, құқықтанушы ғалымдардан, сарапшылардан, заңгерлерден, басқа да азаматтардан 2 мыңнан аса ұсыныс келіп түскен.

Ауқымды өзгерістер қамтылуда

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның үшінші отырысында білім беру, адамдардың еңбек, жеке бас құқығын қорғау салалары бойынша мәселелер қаралды. Отырыста сөз алғандардың бірі – «Келешек» жастар кеңесінің басшысы Гүлзира Атабаева сөз бостандығы және зияткерлік меншікті қорғаудың кепілдіктерін күшейту жөніндегі бастаманы қолдайтынын айтты. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев комиссия жұмысы қоғамның заманауи сұраныстарына жауап беретін Ата заңды дайындауға бағытталғанын атап өтті. – Бүгінде біз қолданыстағы негізгі заңға түзетулер енгізу бойынша ғана емес, сонымен қатар әділетті Қазақстанның сұраныстарына жауап беретін жаңа Конституциясын іс жүзінде қалыптастырып жатырмыз. Бұл – «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген билік архитектурасын жүйелі түрде қайта құру деген сөз. Ол бүкіл реформаның нақты логикасын айқындайды. Бүгінгі Конституциялық комиссияның жұмысы парламенттік реформадан бастау алды, – деді Елнұр Бейсенбаев.

ТАСЫМАЛ КӨЛІКТЕРІ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Қыс мезгілінде жол жағдайының қиындайтыны белгілі. Қар мен көктайғақ көлік қозғалысына жолаушылардың әсіресе балалардың қауіпсіздігіне әсер етеді. Осыған орай, балаларды тасымалдаумен айналысатын көліктердің талапқа сай болуын анықтау мақсатында рейд жүргізілді. Рейд барысында «Альфард» автокөлігінің тасымалдауға техникалық сай еместігі анықталды.



Қазіргі таңда білім беру ұйымдары мен жеке мектептер, балабақшаларда балалар тасымалымен айналысатын көлік құралдарына қатысты тексеру шаралары жүріп жатыр. Рейдтің негізгі мақсаты – тасымалдаушы көліктердің жай-күйі, техникалық жағдайы, қауіпсіздік белдіктері мен балаларға арналған орындықтардың болуын тексеру.

Тексеру барысында жеке мектептердің біріне тиесілі балалар тасымалы көлігінің талапқа сай келмейтіні анықталды. Байқалған кемшіліктерге байланысты жауапты тұлғаларға әкімшілік шара қолданылды. Сонымен қатар балалардың қауіпсіздігіне әсер ететін қызметті ұйымдастыруда заң талаптарын орындау қажеттігі түсіндірілді.

Мамандардың айтуынша, балаларды тасымалдау ерекше жауапкершілікті қажет етеді. Сондықтан мұндай көліктер тәртіп пен талаптың сақталуына баса мән беруі қажет.

– Қаламызда білім беру ұйымдарындағы ұйымдастырылатын тасымал мәселесі өзекті. Балабақшаларда, мектептерде бүлдіршіндер күнделікті жеке

көліктермен тасымалданады. Кей-бір жеке мектептердегі оқушыларды таситын көліктер техникалық талапқа сай келмейтіні анықталып жатады. Қалада 61 мемлекеттік, 27 жеке білім беру ұйымдары қызмет етеді, – деді қалалық білім бөлімінің бас маманы Қанат Әбдікадіров.

Сонымен бірге жауапты мекеме қаладағы барлық білім беру ұйымдарына тасымал қызметін заң талаптарына сай ұйымдастыруға шақырды.

– Рейдтік іс-шара барысында бірнеше автокөлікке хаттама рәсімделді. Заң талаптарына сәйкес автокөлік есігі екі жағынан ашылуы керек. Себебі балаларды тасымалдау барысында қауіпсіздік бірінші орында. Тексеру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады, – деді полиция майоры Самат Қадіров.



ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМА: БАЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

Осы аптада Үкімет Президент тапсырмасымен «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын бекітті. Бұған дейін Мемлекет басшысы балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы, тәрбиесінде өзекті мәселелердің шешімін табуы үшін «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігін айтқан еді.

2-БЕТТЕ

■ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Өңірде «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жоғары маңызға ие. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау құрылымдары тек қолдағы ресурстармен шектелмей, қылмыстың алдын алу үшін жаңа әдістерді енгізу қажет екенін айтып келеді. Мәселен, экономикалық және киберқылмыстарды анықтауда жасанды интеллектті қолдану тиімді тетік деп саналады. – Мүдделі құқық қорғау органдары қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қоятын жаңа тетіктерді дамытуы тиіс. Осы бағыттағы қылмыстарды анықтауда жасанды интеллектті пайдалану – орнықты шешімнің бірі. Бүгінгі форум – біздің алдағы жұмыстарымызды жаңа формацияда жүргізуге өз септігін тигізеді деп сенемін, – деді Н. Нәлібаев жуырда өткен өңірлік «Заң және тәртіп» форумында. Осындай өзекті міндеттер аясында Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Аслан Кенесұлымен сұхбаттасып, жұмыс жоспары мен аймақтағы экономикалық қауіпсіздік туралы әңгімелескен едік.



Аслан КЕҢЕСҰЛЫ, Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы:

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ МЕН ҚАРЖЫНЫҢ МАҚСАТСЫЗ ЖҰМСАЛУЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

– Биыл экономикалық тергеп-тексеру департаменті жұмысының үш негізгі басымдығы қандай болмақ?


– Ең алдымен жуырда өңірімізде V Ұлттық құрылтайдың отырысы өтіп, жерлестеріміз үшін тарихи маңызды оқиға екенін атап өткім келеді. Мемлекет басшысының өзі арнайы келіп, аймақтың дамуына оң бағасын берді. Әсіресе экономикалық даму бағытында тың серпін бар екенін атап өтті. Бұл баршамыздың бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижесі деп білеміз. Осындай маңызды кезеңде

біз бірнеше стратегиялық бағыт бойынша жұмысты күшейтуді жоспарлап отырмыз. Ең бірінші кезектегі басымдық – су ресурстарын тиімді басқару мәселесі. Сыр өңіріндегі аяқсу тапшылығын жою бағытында жүйелі шаралар жүргізілетін болады. Екіншіден, медицина және білім саласында бөлінген мемлекет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге мән береміз. Сонымен қатар әлеуметтік төлемдер бағытындағы алаяқтықтың алдын алу және жалпы салаларды цифрландыру үдерісін жетілдіру де күн тәртібінде. Атап айтқанда, атаулы әлеуметтік көмек пен балаларға бөлінген қаржының мақсатсыз жұмсалуды анықтап, болдырмау шаралары күшейтіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

3-БЕТТЕ

Қоркейе түс,
Қызылорда!



Секілді қалам ертегі,
Жан дүниенді ерітеді...
Қызылорданың келешек,
Ерекше болад ертеңі!...

Болмайды әсте алауау,
Бар істі керек бағалау!
Айналы сұлу қалаға,
Сырдағы – Сол жағалау.

Қиялдап қайтсем бекерді,
Сөз етем несін шет елді,
Қаламда түрлі керемет,
Құрылыстар бой көтерді...

Қонағым келген көре кет,
Қалаңа нелер керек еді?!
Ордамда бірлік орнаған,
Бақ, дәулет, ырыс, берекет.

Ешкімнің жоқ таласы,
Сыр-Алаштың анасы.
Болашақта боласың,
Ақмешіт-Қызылорда,
Әлемнің ӘСЕМ ҚАЛАСЫ!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ардагер

БРИФИНГ

АРАЛ: БАЙЫПТЫ
БАСТАМАЛАР
ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Осы жылы «Qazaq Camel» ЖШС Арал ауданында түйе сүтінен құрғақ ұнтақ сүт шығаратын зауыт салады. Бұл туралы Арал ауданының әкімі Аманжол Сақыпұлы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте мәлімдеді. Сонымен қатар Арал ауданында 2025 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы кеңінен айтты.

– Өткен жылы аудан көлемінде 9 млрд теңге болатын 7 инвестициялық жоба жоспарланып, оның ішінде 3,2 млрд теңге болатын 4 жоба іске қосылды. Тұрмысқа қажетті ұнтақ өндіру жобасымен «Ase Invest» ЖШС, Сексеуіл, кентіне бұрылар айрықта «Sinooil» жанармай құю бекеті, «Қарашалаң балық» зауыты және «Petro Retail RFS» ЖШС-нің жол бойында қызмет көрсету орталығы жұмыс істеуде. Бұл жобалар арқылы 50 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Дәл осындай инвестициялық жобалар осы жылы да жалғасын табады. Биыл құны 5,8 млрд теңге болатын 3 жоба кезең-кезеңімен пайдалануға беріледі. Олар түйе сүтінен құрғақ сүт өндіру зауыты, жоғары сұрыпты ас тұзы өндірісі, сондай-ақ Арал ауданындағы автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы бар көпфункционалды жол бойындағы кешені. Сонымен қоса Арал қаласындағы ілкімді жаңалық «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-нің мотоцикл құрастыру зауыты жобасы да бар, – деді аудан әкімі.

Арал теңізіне қатысты мәселелер шетелдіктер мен халықаралық қорлардың назарын аудартқаны белгілі. Осы бағыттағы экологиялық ахуалды жақсартуға арналған жобалар ел үкіметінің де, аймақ басшысының да назарында. Сондай-ақ жыл басынан бері Арал өңіріне келген ішкі туристер 14 мыңға, шет елден келген турист 900-ден асқан.

– Ауданда Орта Азияда алғаш рет «Geopark Aral» туристік орталығы ашылды. Бұл – Аралдың табиғи, тарихи, мәдени, экологиялық бай мұрасын сақтау мен танытатын, халықаралық стандарттарға сай орталық болмақ. Осы арқылы ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктерінің қатарына қосылсақ 5 туристік нысанды халықаралық деңгейде дамыту үшін әлемдік қорлардан қаржы тартуға мүмкіндік аламыз. Саяхатшыларға Қамбаш жағажайы, Көкарал бекеті, Акеспедегі «ыстық су» бұрқағы, Шижаға аққұмы, Көкарал су плотинасы, Барсакелмес мемлекеттік қорығы, Арыстанбаб, Бегім ана кесенесі белгіленген. Онда 40-қа жуық қоғамдық тамақтану нысаны қызмет көрсетеді, – деді аудан әкімі.

Мемлекет басшысы өткен жылғы жолдауында Кіші Арал теңізін сақтап қалу, Сексеуіл-Бейнеу бағытындағы автомобиль құрылысын бастауды жеделдетуді тапсырды. Биыл Қызылорда-Ақтөбе арасындағы 4 жолақты жаңа күре жол мен Бейнеу-Сексеуіл автожолының құрылысы басталады. Бұл жоба арқылы Сексеуіл кенті, Қосаман, Ақбасты, Құланды елді мекендерінің жол қатынасы жеңілдейді.

– Шижаға ауылында дене-шынықтыру сауықтыру кешені салынып жатса, Аман-өткел ауылында 150 орындық мәдениет үйінің құрылысы салынуда. Осы жылдың ауқымды жобаларының бірі – Сексеуіл кентінде 150 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебін салу жоспарда бар. Бұл жобаға «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясы демеушілік жасайды. Қазіргі уақытта құжаттарына заңдастыру жұмыстары жүруде. Сонымен бірге Арал қаласының Шанхай, Жаңа ауыл шағын аудандарынан тәулігіне 250 келушіге арналған емхана құрылысының жобасы мемлекеттік сараптамадан өткізілді, – деді А.Сақыпұлы.

Думан КЕПШІПҚ

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕР – ӨМІР САПАСЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі:

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.egov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Мемлекеттік қызметтер – азаматтарға және ұйымдарға күнделікті мәселелерді жылдам және ыңғайлы шешуге мүмкіндік беретін құрал. Қазіргі таңда көптеген қызметтер толық электрондық немесе ішінара электрондық форматта қолжетімді, бұлауақыт пен күш-жігерді үнемдеуге мүмкіндік береді.

Заманауи мемлекеттік қызметтердің басты мақсаты – әр азамат:

- өтінішті немесе сұранысты үйден шықпай онлайн түрде бере алуы;
- өтініштің жағдайын кез келген уақытта бақылауы;

- нәтижені электронды сервис арқылы немесе жеке кабинетте алуы;
- қажет болған жағдайда ғана офисте жеке келіп қолдау алу.

Бұл тәсіл уақыт үнемдеуге, жеке қатысуды азайтуға және мемлекеттік қызметтер мен ыңғайлы әрі түсінікті қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Электрондық сервистер қызметтерді кез келген уақытта және кез келген жерде алуға мүмкіндік береді, ал ішінара электрондық формат күрделі мәселелерде онлайн өтініш пен жеке қолдауды біріктіреді.

Заманауи мемлекеттік қызметтердің артықшылықтары:

- уақыт үнемдеу: кезектер мен офисте ұзақ тұру азаяды.

- процестің айқындығы: өтініштің жағдайын әр кезеңде көруге болады.

- ыңғайлылық: компьютер немесе смартфон арқылы қолжетімді.

Қолдау қызметі: онлайн және офисте кеңес алу мүмкіндігі бар.

Бүгінгі мемлекеттік қызметтер – бұл азаматтар үшін ыңғайлылық пен қолжетімділік. Электрондық және ішінара электрондық сервистер арқылы сұрақтарды жылдам, түсінікті және қауіпсіз шешуге болады, осылайша мемлекет пен қарым-қатынас заманауи және әркімге қолжетімді болып отыр.

Ақжарма ауылдық округінің әкімі аппараты

Аслан КЕҢЕСҰЛЫ, Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы:

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ МЕН ҚАРЖЫНЫҢ
МАҚСАТСЫЗ ЖҰМСАЛУЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

– Өңірде «көлеңкелі экономика» қай салаларда көбірек байқалады?

– Жалпы, Қызылорда облысында көлеңкелі экономикаға қатысты қылмыстық істер жиі тіркеледі деп айтпаймыз, сирек кездеседі. Дегенмен кейбір заңсыз әрекеттер белгілі бір салаларда анықталып жатады. Мысалы, акцизделетін өнімдердің заңсыз айналымы – контрабандалық немесе құжатсыз сатылатын темекі өнімдері мен вейптер. Сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерін ілеспе құжаттарсыз тасымалдау деректері кездеседі. Мұндай құқық-бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында тиісті бақылау тұрақты жүргізілуде.

– Өткен жыл қорытындысы бойынша Қызылорда облысында экономикалық құқықбұзушылықтардың қай түрі жиілеп тұр?

– Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, мемлекет қаржысын жымқыру (талан-таражаға салу) және алаяқтық жолмен иемдену деректері жиі кездеседі. Былтыр департамент өндірісінде жалпы 61 қылмыстық іс тіркеліп, оның 37-сі сотқа жолданған. Бұл көрсеткіш өткен жылдарға қарағанда төмендегенімен, әлі де алаңдатып отырған басым құқықбұзушылық түрі – бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану және әртүрлі алаяқтық схемалар.

– Экономикалық тергеп-тексеру департаментіне келіп түсетін өтініш-шағым саны көп пе, әлде азайды ма?

– Иә, азаматтардан түсетін өтініш саны артып келеді. Мәселен, 2022 жылы «Е-Өтініш» электронды порталы арқылы департаментке 329 өтініш түссе, 2023 жылы бұл сан 478-ге жетті. Бұл азаматтардың өз құқықтарын қорғауға белсенді кірісіп, біздің органға сенім білдіргенінің көрінісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, әрбір өтінішке жедел әрі сапалы жауап беруге ерекше мән береміз. Айта кету керек, тұрғындардың арыз-шағымы көбейгенімен, тіркелген қылмыстық іс саны белгілі бір деңгейде азайды. Бұл құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмыстарының нәтижесі деп айтуға болады. Себебі біз бұзушылықтардың алдын алуға, ескертуге басымдық беріп отырмыз. Департамент өз қызметінде ашықтық пен жариялылық қағидатын қатаң ұстанады. Облыс тұрғындары кез келген уақытта, заңда белгіленген тәртіпке сәйкес, менің немесе орынбасарларымыздың жеке қабылдауына келе алады. Сонымен бірге жылына екі рет өңір бойынша «Заң керуені» атты кең көлемді акцияға атсалысамыз. Облыс әкімі құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге Жаңақорғаннан Аралға дейінгі барлық аудандарды аралап, шалғай ауылдардағы халықты жеке қабылдап, өтініш-тілектерін тыңдаймыз. Бұл іс-шара жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

– Қызылордада қаржы пирамидалары өзін қалай көрсетеді: инвестиция, оқу курсы, маркетинг, криптовалюта...?

– Соңғы жылдардағы тәжірибе көрсеткендей, қаржы пирамидалары көбінесе инвестициялық жоба кейпінде жасырылып келеді. Ғаламдық шифрлық дәуір алаяқтарға жаңа әдістер ойлап табуға мүмкіндік берді, әсіресе әлеуметтік желілер олар үшін халықты алдаудың басты құралына айналды. Бұрын қаржы пирамидасын құрып, жұртты тарту үшін кеңсе ашып, адамдарды бетпе-бет сендіру қажет болса, қазір интернет және әлеуметтік желі арқылы мыңдаған адамды оңай иландыруға жол ашылды. Әрине, алдау тәсілдері заманға қарай өзгергенімен, қаржы пирамидасының негізгі схемасы бұрынғыдай қалып отыр. Сондықтан қандай жағдай болсын, ақша оңай жолмен келмейтінін әрдайым есте ұстаған абзал.

– Онлайн алаяқтықта ең жиі кездесетін сценарийлер қандай? Жалған несие, «банк қызметтері», фишинг, әлде маркетинг алаяғы ма?

Басы 1-бетте

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК:
«Заң мен тәртіп» қағидаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде «Заң мен тәртіп» қағидаты орындалуы тиіс екенін айтып келеді. Осы ұстаным экономикалық қауіпсіздік саласына да тікелей қатысты. Қаржылық мониторинг агенттігі көлеңкелі экономиканы қысқарту, заңсыз табысты жасыруға және қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасау, бюджет қаражатының ұрлануын әшкерелеу, контрабанда мен заңсыз қолма-қол ақша айналымын тоқтату, күмәнді қаржы ағындарын талдау арқылы қоғамның қаржылық тұрақтылығын қорғау бағытында жұмыс жүргізеді. Ал өңірлердегі экономикалық тергеп-тексеру департаменті осы міндеттерді орындап, қаржылық құқықбұзушылықтардың алдын алу мен тергеуді қамтамасыз етеді. Жуырда Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдап, 2025 жылғы жұмысының негізгі нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы есебін тыңдады. Кездесуде елдегі 1135 қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталып, жәбірленушілерге 141,5 миллиард теңге өтелгені мәлім болды. Заңсыз қаражатты қолма-қол ақшаға айналдырған, айналымы 128 миллиард теңгеден асатын 15 қылмыстық топ пен 29 алаяқтың жолы кесілді. Есірткі сатудан және алаяқтық жолмен тапқан ақшаны жылыстатқан 22 астыртын криптоалмасу қызметінің қызметі тоқтатылып, есірткі табысын заңдастыруға қатысы бар 1,1 мыңнан

астам заңсыз онлайн криптовалюта айырбастау сервисі мен 20 мың дроп-карта бұғатталды. Сонымен бірге қаржы секторында заңсыз кірісті жылыстатумен айналысты деген күдікке ілінген 2 мың компаниямен және 56 мың адаммен іскерлік қарым-қатынас тоқтатылғаны айтылды. Агенттік контрабандалық жолмен шетелге 102 мың тонна бензин шығару әрекетін әшкерелеп, жанар-жағармай тапшылығының алдын алды. Бұдан бөлек, халықты онлайн-казиноларға тартудан қорғау шаралары шеңберінде 35 төлем ұйымының көмегімен 2,1 триллион теңге көлеміндегі қаражаттың заңсыз айналымда жүргені анықталды. МӘМС жүйесінде көрсетілген қызмет санын қолдан көбейту, оның ішінде қайтыс болған адамдарға жалған медициналық көмек көрсету арқылы 26 миллиард теңге шығын келтіру фактісі де атап өтілді.

Өңірлік экономикалық тергеп-тексеру департаменті көлеңкелі экономиканы қысқарту бағытында күмәнді қаржы ағындарын талдап, «қолма-қол ақшаға айналдыру» алаңдарын әшкерелейді, қылмыстық топтардың қаржы схемаларын анықтап, заңсыз криптоалмасу арналарын, дроп-карталар арқылы жасалатын заңсыз операцияларды, бюджет қаражатын негізсіз шығындауға тосқауыл қояды, әлеуметтік маңызы бар салалардағы – медициналық сақтандыру, білім, инфрақұрылым сияқты бағыттардағы қаржылық бұзушылықтарды ашуға атсалысады.

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА

